

Сіз қандай тәрбиешісіз?

1. Бала сыныптасымен төбелесіп қалды, Сізді тез арада мектепке шақыртып жатыр, не шара қолданасыз?

а) ызалықпен жазалайсыз

ә) жөнін сұрап, қай себеппен төбелес шыққанын анықтайсыз, содан кейін шешім қабылдайсыз

б) ең алдымен сынып жетекшісімен сөйлесесіз

2. Үйді жинап жатқанда, бала кездейсоқ вазаны сындырып алды, Сіздің әрекетіңіз:

а) ең біріншіден, желкеден бір қоясыз

ә) ашу үстінде: “Жоғал! Сенің көмегіңсіз - ақ істеп аламын”- деп айғайлайсыз

б) баланы жұбатасыз, ол әдейі істеген жоқ қой

3. Егер Сіз баланы жазаладыңыз, содан кейін өзіңіз дұрыс істемегеніңізді сездіңіз, онда:

а) өз беделіңізді түсірмейін деп, үндемейсіз

ә) кешірім сұрайсыз

б) қатеңізді түсініп, үлкендердің де қателесетінін айтып түсіндіресіз

4. Бала Сізді сұрақпен жаудырып, сұрап жатыр, Сіз шаршап тұрсыз... Сіздің әрекетіңіз:

а) итеріңкіреп: “Бір сәт сенен демалайыншы”

ә) ойланбастан, амалсыздан жауап бересіз

б) шаршағаныңызды түсіндіресіз, бұл сұрақты басқа уақытқа қойып, уақытын белгілейсіз

5. Бала Сізден шығарма жазуға көмек сұрайды. Сіз не істейсіз?

а) жазасыз, оған тек қана шығарманы көшіріп алу қалады

ә) қатаң айтасыз: “өзің жаз, сонда ғана үйренесің”- деп

б) мазмұнына көмектесіп, әдебиетіне нұсқау беруге қол ұшын бересіз. Одан кейін өз ойымен жазады

6. Бала анасына – “аквариум сатып алып, балық ұстайықшы”- дейді. Сіз не деп жауап бересіз?

а) бірден: “Ол сенің уақытыңды алады”, - дейсіз

ә) “Жарайды, сен соны қаласаң, мен саған аквариумда балық ұстауға көмектесемін”- дейсіз

б) “Егер сенің ынтаң терең болса, мен саған сатып алып берем, бірақ есінде болсын, өзің қарайсың”- дейсіз

Тестің кілті:

Егер Сіз барлық 6 сұраққа да “б” әрпімен жауап берсеңіз, Сіз жақсы тәрбиешісіз.

Егер Сіздің жауабыңыз “б” әрпінің 3 - еуіне ие болса, Сізге өз әдет - қылығыңызға назар аударғаныңыз артық емес.

Егер одан да аз жауап берсеңіз немесе жауапты ойланбай белгілесекіз, өз психологиялық әдістеріңізге тереңірек ой салуыңызға тура келеді.